


Ежелгі рим мәдениеті



Рим мәдениеті көне дәуір мәдениетінің қорытындылаушы кезеңі болды. Ежелгі Рим мәдениетінің қалыптасу кезеңінде (б.з.б. 8 — 4 ғасырлар) этрустардың сәулет өнері үлгілерін бойына сіңірді. Ежелгі ғибадатханалар (Римдегі Капитолийлік Юпитер ғибадатханасы), кескіндеме үлгілері мен сән және қосалқы өнері этрус өнері үлгілерін бойына сіңірді. Б.з.б. 2 ғасыр мен 1 ғасырдың 1-жартысында базиликалар мен термалар салына бастады. Б.з.б. 3 — 1 ғасырлардағы бейнелеу өнерінде портреттік мүсін ескерткіштер мен сыралғылар кең тарады. Бертінгі республика дәуірінде мүсін өнерінен эллиндік бағыт орын алып, грек ескерткіштерінен жаппай көшіру дәстүрге айналды.



Монументтік сәндік кескіндеме жоғары сатыға көтерілді, мозаика мен глиптика өнері қанат жайды. Сәулет өнері империяның гүлдену кезеңінде (б.з.б. 1 ғасырдың 20-жылдары — б.з. 2 ғасыр) шарықтау биігіне көтерілді. Осы тұста арка мен ордердің, ғимаратты қабырға өрнек және мүсін ескерткіштерімен, мәрмәрмен безендірудің рөлі артты. Сәулет өнері бірте-бірте император мен империяның ұлылығын дәріптеу құралына айналды. Ежелгі Римдегі ең ірі амфитеатр — Колизей, Трая заманында — Рим қаласындағы форумдар (111 — 114, арх. Дамаскілік Аполлодор), Адриан кезіндегі ежелгі замандағы күмбезді құрылыстардың ең ірісі — Пантеон ірге көтерді.





Рим театры ән, музыка, бидің басын қосқан тұрмыстық күлдіргі сахналарда өрбіді. Б.з.б. 300 жылы ш. ұлттық ателлана комедиясы (маска киген 4 кейіпкер) дүниеге келді. Б.з.б. 3 ғасырдың аяғында халық сауығының бір түрі — мим кеңінен дамыды. Осы кезеңде трагедия (претекста) мен комедияның (паллиата) жаңа түрлері пайда болды. Алғашында ойын-сауықтар ғибадатханалар жанында қойылды. Тұңғыш театр ғимаратын б.з.б. 55 — 52 жылы сәулетші Помпей тастан тұрғызды. Шамамен б.з.б. 4 ғасырда масканың пайда болуы актерлік өнердің дамуына кең жол ашты. Әйелдер рөлін ерлер орындады. Империя дәуірінде цирк ойындары, әсіресе ежелгі амфитеатрлар мен Колизейде қойылған гладиаторлар сайысы, аңшының қауіпті аңмен айқасын көрсету өріс алды. Рим театры, драматургиясы дүниежүз. театр өнерінің дамуында үлкен рөл атқарды.

Эллиндік мәдениет әсерімен дамыған Рим музыкасында тұрмыстық музыкалық-поэтикалық жанрлар (жеңіс, үйлену, дастарқан басы, қазаға байланысты әндер) қалыптасты. Поэзия мен музыка тығыз қарым-қатынаста дамып, Рим драмаларына речитативті сипаттағы музыкалық нөмірлер енгізілді. Классик. музыканы орындауда кифара және авлоспен бірге арфа іспетті псалтериум, самбика деп аталатын аспаптар да қолданылды. Хор мен оркестр сүйемелімен орындалатын пантомималардың Р. музыкасын дамытудағы рөлі ерекше. Әскери легиондарда үрлемелі оркестрлер жұмыс істеді. Рим цирктері мен театрларында көп адам қатысқан хор ансамбльдері (көбіне оркестрдің сүйемелдеуімен) өнер көрсетті. Жалпы Рим мәдениетінің бүкіл Еуропа мемлекеттері мәдениетінің қалыптасуы мен дамуында маңызы зор болды.

